

Педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасынан**КӨШІРМЕ**

Қатысқандар саны: 51

Қатыспағандар: 3

Себепсіздер: 0

Күн тәртібі:

1. Мектепті мемлекеттік аттестаттаудан өткізу негізінде өзін-өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру, комиссия құрамын бекіту туралы. Мектеп директоры А.Байрақ.
2. Комиссия мүшелері өзін-өзі бағалаудағы өлшем шарттарымен таныстыру.
3. 2024-2025 оқу жылында 4,9 кластарда білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингін бақылауға дайындық жұмыстары туралы. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Э.Д.Саулеева.

Тыңдалды:

Мектеп директоры А.Байрақ педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелердің тақырыбымен таныстырды.

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Байрақ сөз сөйледі:

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің №18-2-4-06 хатына сәйкес және Ақтөбе қалалық білім бөлімі ММ 17 қараша 2023 ж 02-03/2681 хатына сәйкес ҚР оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» негізінде, мектеп-интернаттың өзін-өзі бағалауы өтетіндігін хабарлады. Осы орайда, 2024 жылдың қыркүйек айында бағалау өлшемшарттарының алғашқы қадамы 4,9 класс оқушыларының білім және үлгерім сапасына бақылау жүргізілетінін айтты. Одан кейін өзін-өзі бағалау жүргізіледі. Сондықтан мемлекеттік аттестаттауды өткізудің өлшемшартына сәйкес өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамын құру міндеттелетінін жеткізді. Ережеге сәйкес төмендегі педагогтарды өзін-өзі бағалау комиссиясы құрамына ұсынылатынын айтты.

1. Байрақ А.- комиссия төрағасы (мектеп-интернат директоры)
2. Саулеева Э.Д.-комиссия мүшесі (директор орынбасары)
3. Жумекин Қ.Е.- комиссия мүшесі (директор орынбасары)
4. Башембаева Г.М.- комиссия мүшесі (педагог ұйымдастырушы)
5. Кенжебаева Н.П.- комиссия мүшесі (шаруашылық меңгерушісі)
6. Оразкельдиев Н.С - комиссия мүшесі (информатика пәні мұғалімі)
7. Аяз Мевлют - комиссия мүшесі (директор орынбасары)
8. Жаңабаева А. - комиссия мүшесі (бас есепші)
9. Каирова Ш – комиссия мүшесі (тарих пәні мұғалімі)

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Саулеева Э.Д тыңдалды:

Мақсаты: Өзін-өзі анықтау бағалауын ұйымдастыру және жүргізу, комиссия мүшелерін анықтау. Мектепті өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі - әдістемелік ұсынымдар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022

жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына (бұдан әрі - бағалау өлшемшарттары) және білім беру ұйымының білім беру қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы басқа да нормативтік-құқықтық актілерді негізге ала отырып ұйымдастырылатынын айтты.

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды (бұдан әрі - өзін-өзі бағалау) жүргізу кезінде зерттеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып табылатынын жеткізді:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база;

Өзін-өзі бағалауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) бекітілген білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жадпыға міндетті стандартының (бұдан әрі - МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүзеге асырылатынын айтты:

1. оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
2. тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі;
3. тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) даярлық деңгейі;
4. оқу мерзімі
5. МЖМС жалпы талаптарын талдау кезінде Бағалау өлшемшарттары пайдаланылатынын жеткізді.

- 4,9 сынып білім алушыларын пән мұғалімдер компьютерлік форматтағы кешенді тестілеуге тұрақты даярлау, класс жетекшілерге ата-аналарға түсіндірме жүргізетініне тоқталды.

- Комиссия мүшелеріне өзін-өзі бағалау өлшем шарттары бойынша құжаттарды тапсыру, жинақтау, талдау бекітіп міндеттелетіне тоқталды. (Қосымша 1)

Қаулы:

1. 4,9 - сынып білім алушыларын компьютерлік форматтағы кешенді тестілеуге тұрақты даярлау пән мұғалімдеріне, ата-аналарға түсіндірме жүргізу класс жетекшілеріне міндеттелсін.
2. Комиссия мүшелері бекітіліп өзін-өзі бағалау өлшем шарттары бойынша құжаттарды тапсыру, жинақтау міндеттелінсін. (Қосымша 1)
3. Өзін-өзі бағалау қорытындысымен ұжым мүшелеріне таныстыру комиссия мүшелеріне тапсырылсын.
4. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бір айдан кешіктірілмей мектеп-интернаттың интернет ресурстарында орналастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы

А.Байрак

Хатшы:

Башембаева

Башембаева Г.М

